

**Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің
08.09.2021 жылғы жалпы отырысының
стенограммасынан үзінді көшірме
Отырысты Қазақстан Республикасы Парламенті
Мәжілісі Төрағасының орынбасары
Б.Т. КЕСЕБАЕВА жүргізді.**

**Выписка из стенограммы пленарного заседания
Мажилиса Парламента Республики Казахстан
от 08.09.2021 года
Вела заседание Заместитель Председателя Мажилиса
Парламента Республики Казахстан
Б.Т. КЕСЕБАЕВА**

ТӨРАҒАЛЫҚ ЕТУШІ. Құрметті әріптестер, келесі мәселені қарауға көшеміз. «Каспий теңізінің теңіз ортасын қорғау жөніндегі негіздемелік конвенцияға қоршаған ортаға трансшекаралық тұрғыдан жасалатын әсерді бағалау жөніндегі хаттаманы ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде. Баяндама жасау үшін сөз Қазақстан Республикасының Экология, геология және табиғи ресурстар министрі Мағзұм Маратұлы Мырзағалиев мырзаға беріледі.

МЫРЗАҒАЛИЕВ М.М. Құрметті Балаим Туғанбайқызы! Құрметті депутаттар! Сіздердің қарауларыңызға «Каспий теңізінің теңіз ортасын қорғау жөніндегі негіздемелік конвенцияға қоршаған ортаға трансшекаралық тұрғыдан жасалатын әсерді бағалау жөніндегі хаттаманы ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасының Заң жобасы ұсынылады.

Қазақстан Каспий теңізінің солтүстік бөлігінде орналасқан. Мамандардың пайымдауынша, теңіздің осы аймағы қоршаған орта тұрғысынан кері әсерлерге мейлінше сезімтал, осал бөлігі болып есептеледі. Сондықтан бұл құжат біздің еліміз үшін өте маңызды.

Каспий теңізінде көмірсутегі шикізатының ірі қорының болуы осы су бассейніндегі экология мен биологиялық ресурстарын сақтау мәселесін өзекті етеді.

Қоршаған ортаны қорғау саласындағы ынтымақтастықты нығайту мақсатында Қазақстан Негіздемелік конвенцияға қатысты бірқатар хаттамаларға қол қойды.

Солардың бірі – Каспий маңы мемлекеттері 2018 жылғы 20 шілдедегі Мәскеу қаласында қол қойған қоршаған ортаға әсерді бағалау туралы хаттама. Бұл трансшекаралық контекстегі құжатты Әзербайжан, Иран, Қазақстан, Ресей және Түрікменстан қабылдады.

Сонымен қатар осы хаттаманы реттеуге жататын қызмет түрлері анықталды. Олар келесідей: мұнай өңдеу зауыттары; жылу қуаты

300 мегаватт немесе одан жоғары жылу электр станциялары; атом электр станциялары; автомобиль жолдарын салу, реконструкциялау және/немесе кеңейту.

Конвенция ережелерін іске асыру үшін жаңа Экология кодексінде трансшекаралық экологиялық әсерді реттеу, оларды жүзеге асыру тәртібі, құқықтары мен міндеттері қарастырылған.

Қазақстан трансшекаралық әсерлерді бағалауға қозғалатын тарап ретінде қатысса, онда шығу тарапынан келіп түскен құжаттар министрліктің бірыңғай экологиялық порталында орналастырылады. Өз кезегінде мүдделі мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдарға Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарының электрондық құжат айналымының бірыңғай жүйесі арқылы жіберіледі. Ал егер Қазақстан трансшекаралық әсерлердің шығу тарапы ретінде қатысса, онда қоршаған ортаға әсерді бағалау рәсімі елдің ішінде ғана емес, сонымен қоса қозғалатын тараптар да қатар жүргізіледі. Мысалы, Каспийде жаңа объектілер салынған жағдайда қоршаған ортаға әсерді бағалау құжаттары тиісті жергілікті атқарушы және мүдделі мемлекеттік органдарға, сондай-ақ қозғалатын тараптарға қатар жіберіледі.

Қозғалатын тараптардың органдарымен консультацияларды ескере отырып, қоршаған ортаға әсерді бағалауды өткізу мерзімі шамамен алты айды (180 күн) құрайды. Бұл Қоршаған ортаға әсерді бағалау хаттамасында және Экология кодексінде айқындалған.

Қоғамдық тыңдауларда көтерілген мәселелер бойынша түпкілікті шешімді қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган қабылдайды.

Қорытындылай келе, хаттаманы ратификациялау теріс әлеуметтік, экономикалық, құқықтық, экологиялық салдарға әкеп соқтырмайды, республикалық бюджеттен қосымша қаржылық шығындарды қажет етпейді.

Баяндама аяқталды. Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒАЛЫҚ ЕТУШІ. Рақмет. Баяндама аяқталды.

Енді, құрметті депутаттар, сұрақ беру рәсіміне көшеміз. Сөз депутат Ташқараев Ғани Әбдіғаниұлына беріледі.

ТАШҚАРАЕВ Ғ.Ә. Рақмет, құрметті Балаим Туғанбайқызы.

Құрметті Мағзұм Маратұлы! Қаралып отырған хаттаманың 4-бабының 4-тармағына сәйкес «Мүдделі тараптар жоспарланып отырған қызметтің қоршаған ортаға әсер етуін бағалау рәсіміне жұртшылықтың тиімді қатысуын қамтамасыз етеді...».

Осыған байланысты айтыңызшы, Каспий маңы мемлекеттері жұртшылығының оған тиімді қатысуы қалай жүзеге асыралады?

Мұндай жағдайда Сіздің министрлік бақылауды қалай жүзеге асырмақ? Рақмет.

МЫРЗАҒАЛИЕВ М.М. Рақмет.

Бұл құжат осы мәселені реттейтін болады. Өзіңіз жақсы білесіз, Каспий маңындағы елдердің – Түрікменстан, Әзербайжан, Ресей және Қазақстанның рәсімдері бір-біріне өте жақын, сондықтан Каспий маңы мемлекеттері жұртшылығының оған қатысуы құжатта өте нақты жазылған. Осындай рәсім жүргізілген кезде жұртшылық өзінің пікірін тиісті құзырлы органдарға жібереді, олар тиісті сайттарда жарияланады, кейін шығу тарапына осы айтылған пікірлердің бәрі жіберілетін болады. Әрине, әр ел оған өзі жауапты болады. Сондай-ақ шығу тарапы сондай пікірлерді алған жағдайда өзінің ұстанымын сол елдің жұртшылығына жеткізуі керек. Сондықтан бүкіл жинақталған ақпарат жіті сараптамадан өтеді және қажет кезде алты айдың ішінде тиісті консультациялар жүргізілетін болады. Рақмет.

ТӨРАҒАЛЫҚ ЕТУШІ. Сөз депутат Симонов Сергей Анатольевичке беріледі.

СИМОНОВ С.А. Спасибо, уважаемая Балаим Туганбаевна.

Уважаемый Магзум Маратович! В соответствии с рассматриваемым протоколом стороны рассматривают и осуществляют финансовое обеспечение разработки и выполнения соответствующих программ, проектов и мер.

В рамках проекта скользящей программы по выполнению положений конвенции на период с 2021 по 2025 годы на реализацию Протокола об оценке воздействия на окружающую среду Секретариатом конвенции предусматривается 265 тысяч долларов США.

В связи с этим скажите, пожалуйста, на какие конкретные мероприятия и работы в рамках исполнения положений протокола предусмотрены вышеупомянутые средства? Спасибо.

МЫРЗАҒАЛИЕВ М.М. Спасибо за вопрос.

Данная программа включает в себя ряд комплексных региональных проектов. В первую очередь они связаны с обучением персонала, как проводить соответствующие процедуры по ОВОС и обмену мнениями. Кроме этого, ожидается, что будут подготовлены специальные методологические нормативы. То есть в первую очередь семинары, обучение персонала и методология. Спасибо.

ТӨРАҒАЛЫҚ ЕТУШІ. Сөз депутат Бердалин Аманғали Бисенбайұлына беріледі.

БЕРДАЛИН А.Б. Рақмет, құрметті Балаим Туғанбайқызы.

Құрметті Мағзұм Маратұлы! Қаралып отырған хаттамаға сәйкес Каспий теңізінің теңіз ортасын қорғау жөніндегі негіздемілік конвенцияның 23-бабында айқындалғандай Хатшылық көзделген, ол арқылы тараптар тұрақты негізде ақпаратпен алмасып отырады. Осыған байланысты сұрақтарым бар.

Бірінші сұрақ. Конвенция Хатшылығы қайда орналасқан, онда біздің мемлекеттің өкілдері бар ма?

Екінші сұрақ. Әр мемлекеттің мүшелік жарнама мөлшері қандай және біздің мемлекет үшін мұндай құжатты пайдаланудың тиімділігі қандай? Рақмет.

МЫРЗАҒАЛИЕВ М.М. Рақмет. Сұрағыңыз өте орынды.

Расында да, әлі күнге дейін осы конвенцияның Хатшылығын қай мемлекетте орналастыру бойынша нақты шешімге келе алмадық. Қазір осы Хатшылықтың рөлін Швейцариядағы Біріккен Ұлттар Ұйымының офисінде арнайы өкілі уақытша атқара алады. Бұл уақытша өкіл. Онда бес адам ғана жұмыс істейді, үшеуі Біріккен Ұлттар Ұйымының өкілі және екі адамның біреуі Польшадан, екіншісі Әзербайжаннан. Біз көрші мемлекеттермен бұл мәселені жақында көтердік. Биыл күзде Әзербайжанда тиісті келіссөздер болады деп жоспарлап отырмыз, бұл мәселе сол жерде талқыланады.

Сондай-ақ біздің Сыртқы істер министрлігінің есебінен 72 мың АҚШ доллары бөлінеді. Бұл қаражаттың пайдаланылуы, меніңше, өте тиімді. Неге десеніздер, бұл нақты жобаларға жұмсалатын қаражат. Рақмет.

ТӨРАҒАЛЫҚ ЕТУШІ. Сөз депутат Бойчин Анатолий Васильевичке беріледі.

БОЙЧИН А.В. Спасибо, уважаемая Балаим Туганбаевна.

Уважаемый Магзум Маратович! В соответствии со статьей 14 настоящего протокола «все виды деятельности и их осуществление, охваченные настоящим протоколом, финансируются в пределах средств, предусматриваемых в бюджетах договаривающихся сторон, а также из других источников, не запрещенных их национальным законодательством».

В связи с этим скажите, пожалуйста, за счет каких других источников финансирования проводятся исследовательские работы на Каспийском море и какие это исследования? Приведите примеры, пожалуйста.

МЫРЗАҒАЛИЕВ М.М. Спасибо за вопросы.

Основных источников может быть два.

Первый источник – за счет международных грантов различного рода. Понятно, что Каспийское море, являясь уникальным по своей биологической системе и крупнейшим замкнутым водоемом, вызывает интерес у международных организаций и доноров.

Второй источник – это компании, которые осваивают сегодня Каспийское море. В качестве примера можно привести изучение тюленя, на которое компания NCOС (оператор месторождения «Кашаган») ежегодно выделяет средства, а также ряд других проектов, связанных с Каспийским морем. Спасибо.

ТӨРАҒАЛЫҚ ЕТУШІ. Сөз депутат Шиповских Геннадий Геннадиевичке беріледі.

ШИПОВСКИХ Г.Г. Рақмет, құрметті Балаим Туғанбайқызы.

Құрметті Мағзұм Маратұлы! Қаралып отырған хаттаманың 1-қосымшасында қызметтің 22 түрі көзделген, олар қоршаған ортаға әсерді бағалау рәсіміне жататын елеулі трансшекаралық әсер етуі мүмкін.

Бұл ретте хаттамада материалдық жауапкершілік және залалды өтеу нормалары мүлдем көзделмеген. Өйткені үлкен авария болған жағдайда жағалаудағы елдер тарапынан да, халықаралық ұйымдар тарапынан да талап-арыздар түсуі мүмкін.

Осыған байланысты, құрметті Мағзұм Маратұлы, айтыңызшы, авариялар туындаған жағдайда материалдық жауапкершілік және экологиялық залалды өтеу нормалары қандай халықаралық шартта немесе авариялар пайда болған жағдайда материалдық жауапкершілікке тарту және келтірілген залалды өтеу мәселесі нақты қандай құжатта көзделетін болады? Рақмет.

МЫРЗАҒАЛИЕВ М.М. Рақмет.

Бұған қатысты бірнеше конвенциялар бар, мысалы, теңіз суларында болған апаттарды реттейтін 1969 жылғы конвенция. Сонымен қатар біз 1991 жылдан бастап бірнеше конвенцияға қосылдық. Оның ішінде мұнайдан келтірілген залал үшін азаматтық жауапкершілікті реттейтін 1992 жылы жасалған конвенция бар. Сонымен қатар мұнай төгілген жағдайда арнайы қор құру туралы да бар. Сіз көтерген мәселелердің бәрі осы конвенцияларда реттеледі. Оның нақты тізімі бар. Егер қажет болса, оны беруге дайынбыз. Рақмет.

ТӨРАҒАЛЫҚ ЕТУШІ. Құрметті депутаттар, сұрақтарымыз аяқталды.

Мағзұм Маратұлы, рақмет Сізге. Орныңызға отырыңыз.

Енді қосымша баяндама жасау үшін сөз Экология мәселелері және табиғат пайдалану комитетінің мүшесі депутат Сқақова Айжан Амангелдіқызына беріледі.

СҚАҚОВА А.А. Құрметті Балаим Туғанбайқызы! Құрметті әріптестер! Каспий теңізінің теңіз ортасын қорғау жөніндегі негіздемелік конвенцияға қоршаған ортаға трансшекаралық контексте әсер етуді бағалау жөніндегі хаттама негіздемелік конвенцияның 17-бабына сәйкес әзірленді және 2018 жылғы 20 шілдеде Мәскеуде жасалды.

Хаттаманың мақсаты теңіз ортасына және теңізге жақын орналасқан құрлыққа едәуір трансшекаралық әсер етуі мүмкін жоспарланып отырған қызметтің трансшекаралық контекстінде қоршаған ортаға әсерді бағалаудың тиімді және ашық рәсімдерін жүргізу болып табылады.

Хаттама Каспий теңізінің теңіз ортасына оның деңгейінің ауытқуын және жерүсті көздерінің ластануын ескере отырып қолданылады.

Хаттаманы ратификациялау:

жоспарланып отырған қызмет түрлеріне қатысты хаттама

ережелерін орындау үшін заңнамалық, әкімшілік немесе басқа да шаралар қабылдауға;

жоспарланып отырған қызметке рұқсат беру немесе оны жүргізу жөнінде шешім қабылдау алдында қоршаған ортаға әсерді бағалау рәсімін жүргізуді қамтамасыз етуге;

қоршаған ортаға әсерді бағалау рәсімінің бастапқы сатысынан бастап жоспарланып отырған қызметтің қоршаған ортаға әсерін бағалау рәсіміне жұртшылықтың тиімді қатысуын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Мәжілістің барлық комитеттері өздерінің оң қорытындыларын беріп, оны ратификациялауға ұсынды.

Заң жобасын қабылдау теріс әлеуметтік-экономикалық және өзге де салдарға әкеп соқтырмайды, мемлекеттік бюджеттен қосымша шығыстарды талап етпейді.

Аталған заң жобасын мақұлдап, Сенатқа қарауға жіберуді ұсынамын.

Қолдауларыңызды сұраймын.

ТӨРАҒАЛЫҚ ЕТУШІ. Рақмет, Айжан Амангелдіқызы.

Құрметті депутаттар, енді заң жобасын талқылауға көшеміз. Сөз депутат Нұркина Айгүл Қабдешқызына беріледі.

НҰРКИНА А.Қ. Рақмет, құрметті Балаим Туғанбайқызы.

Құрметті әріптестер! Қаралып отырған хаттамаға Қазақстан, Әзербайжан, Иран, Ресей және Түрікменстан сияқты бес Каспий маңы мемлекеттерінің өкілдері 2018 жылғы 20 шілдеде Мәскеу қаласында Каспий теңізінің теңіз ортасын қорғау жөніндегі негіздемелік конвенция тараптары конференциясының кезектен тыс сессиясында қол қойды.

Тараптар хаттамаға қол қоюды тарихи оқиға деп атады, өйткені құжат 2003 жылы конвенцияға қол қойылғаннан кейін 15 жыл өткен соң қабылданып отыр.

Хаттамаға сәйкес «Каспий бестігі» елдері жоспарланып отырған экономикалық жобалардың Каспий теңізінің теңіз ортасына әсер етуін күні бұрын бағалау мақсатында белгілі бір қағидаларды ұстану, сондай-ақ теңіз экожүйесін қорғауға қатысты тиісті ақпаратпен алмасу және Каспий өңірі бойынша серіктестердің пікірін ескеру үшін өздеріне міндеттеме алды.

Мәскеуде қол қойылған келісім өңірлік дайындық, ден қою және мұнаймен ластануды туындататын оқыс оқиғалар жағдайындағы ынтымақтастық туралы, Каспий теңізін жер үсті көздерінен және құрлықта жүзеге асырылатын қызмет нәтижесіндегі ластанудан қорғау туралы және биоәртүрлілік туралы үш салалық хаттамаға қосымша ретінде Тегеран конвенциясы шеңберіндегі төртінші халықаралық-құқықтық құралға айналды.

Хаттаманы ратификациялау Каспий теңізінің теңіз ортасының ластануын болғызбау, сақтау және қалпына келтіру жөніндегі қызметке

халықаралық табиғат қорғау әсерінің тетігін реттейді.

Осыған байланысты аталған заң жобасын қолдауды ұсынамын.

Рақмет.

ТӨРАҒАЛЫҚ ЕТУШІ. Рақмет.

Құрметті әріптестер, басқа талқылауға жазылған депутаттар жоқ. Талқылау барысында бір ғана ұсыныс түсті, ол – заң жобасын тұтастай мақұлдау. Осы ұсынысты дауысқа қоюға рұқсат етіңіздер. Дауыс берулеріңізді сұраймын. Дауыс беру режимі қосылсын.

Нәтижесін экранға беріңіздер. Шешім қабылданды.

Осы мәселе бойынша қаулының жобасы сіздерде бар. Сол бойынша дауыс берулеріңізді сұраймын. Дауыс беру режимі қосылсын.

Нәтижесін экранға беріңіздер. Қаулы қабылданды.



*Дұрыс! Құжаттамамен басталмасыз ету
бөлімінің секретерімен
Майя Н. Шабокина.*